

DOI:10.26104/NNTIK.2023.59.58.049

Булдыбай А.С.

КАЗАК ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ ЖАНА АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВДУН
ТЕРМИНДЕРДИ ТҮЗҮҮДӨГҮ РОЛУ

Булдыбай А.С.

КАЗАХСКАЯ ТЕРМИНОЛОГИЯ И РОЛЬ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА
В СОЗДАНИИ ТЕРМИНОВ

Булдыбай А.С.

КАЗАК ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ТЕРМИНДЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ
АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ ОРНЫ

A. Buldybay

KAZAKH TERMINOLOGY AND THE ROLE OF AKHMET BAITURSYNOV
IN CREATING TERMS

УДК: 811.111:378.147

Мақалада оқушытуу Ахмет Байтұрсынов тарабынан илим қатары негізделген жана учурда өзүнчө илимий бағыт қатары өнүкпөй жатқан казак терминологиясынын негіздері баяндалған. Азыркы учурда казак терминологиясы дүйнө жүзүндөгү жана башка мамлекеттердеги тил боюнча билим берүүчү башка тармактар сыяктуу эле тез өнүгүп жатат. Мурда лексикологиянын чакан тармагы болгон терминология азыр башка илимдер менен чектеши, айырмалоочу өзгөчөлүктөрү менен өзүнүн чоң багыты, усулдары, изилдөө мамилеси, позициясы жана бай тил материалы бар чоң тармакты билдирет. Коомдун, илимдин жана жаңы багыттардын тез өнүгүшү, анын ичинде терминдер тармагындагы көптөгөн жаңы сөздөр казак тилин билүүгө таасирин тийгизе баштады. Бул жаңы сөздөрдү улуттук мураска айландыруу терминологдор гана эмес, ар түрдүү тармактардын адистері үчүн да эң маанилүү милдеттердин бири. Мақалада казак терминологиясынын өнүгүшүнүн негізги аспектилери каралат.

Негізги сөздөр: терминология, термин, тил илими, облус, багыт, изилдөө, мамиле, илим, жобо, улуттук мурас.

В статье описаны основы казахской терминологии, которая была основана как наука ученым Ахметом Байтұрсыновым и на сегодняшний день не развивается как отдельное научное направление. Казахская терминология, как и другие отрасли языкового образования в мире и других странах, в настоящее время переживает бурное развитие. Терминология, бывшая раньше небольшой отраслью лексикологии, теперь представляет собой большую отрасль со своим большим направлением, методами и подходами исследования, своей позицией и богатым языковым материалом, граничащую с другими науками и имеющую отличительные черты. Развитие общества, науки и бурное развитие новых областей стали влиять на знание казахского языка, в том числе много новых слов в области терминов. Превращение этих новых слов в национальное достояние является одной из ответственных задач не только терминологов, но и специалистов различных областей. В статье будут рассмотрены основные аспекты развития казахской терминологии.

Ключевые слова: терминология, термин, языкознание, область, направление, исследование, подход, наука, положение, национальное наследие.

Мақалада ғылым ретінде негізін ғалым Ахмет Байтұрсынов салған, бүгінгі күні жеке ғылыми сала ретінде дамып

мыт отырған казак терминологиясының жай-жапсары туралы баяндалады. Әлемдік және басқа да елдердегі тил білімінің басқа салалары тәрізді казак терминологиясы да қазіргі кезде қарқынды даму үстінде. Бұрын лексикологияның бір шағын саласы болып келген терминология – қазір өзінің үлкен бір бағыты, зерттеу әдістері мен тәсілдері қалыптасқан, өзіндік ұстаным мен бай тілдік материалға ие, басқа ғылым атауымен иектесетін, ажырататын тұстары бар үлкен сала болып табылады. Қоғамның, ғылымның дамуы, жаңа салалардың қарқындап дамуы казак тил біліміне, оның ішінде терминдер саласына көптеген жаңа сөздерді қосып оның тил заңдылықтарына әсер ете бастады. Осы жаңа сөздерді екішеп ұлттық байлыққа айналдыру терминология саласының гана емес, әр саладағы мамандардың да атқаратын жауапты жұмыстарының бірі болып табылады. Мақалада казак терминологиясы дамуының негізгі аспектилери сөз болады.

Негізгі сөздер: терминология, термин, тил білімі, сала, багыт, зерттеу, тәсіл, ғылым, ұлттық байлық.

The article describes the basics of Kazakh terminology, which was founded as a science by the scientist Akhmet Baitursynov and today does not develop as a separate scientific direction. Kazakh terminology, like other branches of language education in the world and other countries, is currently undergoing rapid development. Terminology, which used to be a small branch of lexicology, is now a large branch with its own large direction, methods and approaches of research, its own position and rich linguistic material, bordering on other sciences and having distinctive features. The development of society, science and the rapid development of new areas began to influence the knowledge of the Kazakh language, including many new words in the field of terms. The transformation of these new words into a national treasure is one of the important tasks not only for terminologists, but also for specialists in various fields. The article will consider the main aspects of the development of Kazakh terminology.

Key words: terminology, term, linguistics, area, direction, research, approach, science, position, national heritage.

Қазак және кыргыз тілдеріндегі терминология, тілдің бүгінгі даму дәрежесі және латын іріліне көшудегі проблемалар мен қиыншылықтар деген мәселе екі елде де маңызды мәселе болып табылады. Осы конференцияда терминологияның жана белестері, тілді дамыту айқындалып, талқыға салатын тың пікірлер, көзқарастар сөз болады деп үміттенеміз.

Тіл білімінің салаласы терминология қазіргі кезде қазақ және қырғыз халықтарында қарқынды даму үстінде. Бұрын лексикологияның бір шағын саласы болып келген терминология – қазір өзінше үлкен бір бағыт, зерттеу әдістері мен тәсілдері қалыптасқан, өзіндік ұстаным мен бай тілдік материалға ие, басқа ғылым атауымен шектесетін, ажырататын тұстары бар үлкен сала. Қазақ, қырғыз тіліндегі «термин» ұғымының өзі қасаң түсініліп келді және ол ұғымды ғылыми тұрғыдан таратар, жай-жапсарын түсіндірер тілдік деректердің өзі тым тапшы, мардымсыз болды десе болады. Бұрынғы түсінікпен «термин» десе көз алдымызға, санамызға орыс, шет тілден енген сөз деген ұғым пайда болатын. Тәуелсіздіктен бері тұста бұл мәселелер өз-өзінен ығыса бастады, ғылым тілі ұлттық тілге бет бұрды, онымен бірге бұрын аударуға болмайды деп жүрген термин сөздер аударыла бастады, қазақ, қыры-ғыз сөздері ғылым тілінің бірлігі ретінде жаңа сапаға көшті.

Қазақ, қырғыз тілдеріндегі терминдер сала-сала бойынша зерттеле бастады, төркіндес ғылымдар бойынша қарастырылды, екі тілді, көп тілді сөз-діктер жарық көрді, термин мәселелеріне арналған қаншама конференциялар өткізілді, қазақ, қырғыз терминологиясы ғылыми әдебиеттерге бай, өзіндік ұстанымы қалыптаса бастаған жеке салаға айналды. Біздің ойымызша, қазіргі қазақ, қырғыз терминологиясының осы жетістіктерін сараптап, ғылым тезіне салатын және алдағы міндеттерді айқындайтын уақыт жетті.

Қазақ, қырғыз терминологиясы бойынша зерттеу жұмыстарын шартты түрде төрт топқа бөлуге болатын сияқты: дәстүрлі зерттеулер, қолданбалы сипаттағы зерттеу жұмыстары, танымдық терминология, терминография мәселелері.

Дәстүрлі көзқарастардың негізінде басқалары туындап, қазіргі кезде терминология саласының ауқымын кеңейте түсті. Бұрынғы мерзімде аты аталғанымен терминология бойынша орыс ғалымдары ұсынған теорияны пайдаланып келгеніміз шындық. Қазіргі жасалып жатқан зерттеулер ретінде қазіргі термин ұсынуды, терминдерді аударуды, термин жасаудың түрлі тәсілдеріне қатысты пікірлерді, Терминком жұмысын жатқызуға болады.

Терминдердің өмірге дендеп енуінде баспасөздің рөлін айтпасақ болмайды. Терминдердің баспасөз бетінде жарияланып тұруы, әсіресе, өзгерісі көп қазіргі кезеңде қажет. Баспасөз жаңа терминдерді көпшілікке таныстырады және таныстырып қана қоймай, олардың пайда болуындағы, қалыптасуындағы, жасалуындағы ерекшеліктерді көрсетеді. Бүгінгі күні қазақ тілінде отыз бір томдық терминологиялық сөздіктің жарыққа шыққаны және оларды өңдеп, толықтырып қайта шығару ісі де қолға алынып жатқаны мәлім.

Термин сөздердің термин емес сөздерге ауысуы өте сирек кездесетін құбылыс. Ал бұған керісінше,

термин емес сөздердің термин сөздерге ауысуы жиі байқалатын нәрсе.

«Қазақ, қырғыз тілдері – мемлекеттік тіл болады. Өз еркіміз өзімізде, егемендігіміз қолымызда болып отырған қазіргі заманда өзге де ерікті елдер сияқты өз тіліміздің төл терминдерін өзіміз жасап алайық», - десең, термин жасау туралы жаңсақ «теориямен» қаруланғандар жатып кеп тулайды.

Термин жасау, жасалған терминдерді қалыптастыру – үнемі қадағалап, реттеп отыруды қажет ететін өте жауапты жұмыс. Олай болмаған жағдайда терминологиядағы жүйеліліктің, реттіліктің бұзылары сөзсіз. Терминология – мыздағы бірізділіктің сақталмай әр автордың өзінше термин жасап немесе қалаған терминін қолдануы осы үйлестіру жұмысының әлсіздігінен, өкілетті орындардың өз қызметін тиісті деңгейде атқара алмай отыруынан деп білген жөн. Термин жасам процесін үйлестіріп, ретке келтіріп отыратын ондай органның Мемлекеттік терминология комиссиясы, Мемлекеттік Тіл комитеті екендігі белгілі.

Ғылым докторы немесе ғылым кандидаты деген атағы бар біреулер «қазақша, қырғызша сөздер термин бола алмайды, тек латынша, грекше немесе ағылшынша, орысша сөздер ғана термин болады», - деп, білгішсініп жатса, оған, әрине, халық сенеді. Сөйтсе де, қазақша, қырғызша термин жасауды қояды. Нәтижесінде қазақ, қырғыз тілін дамыту орнына орыс тілін дамытып, әлгі жаппай қабылданған орысша терминдер тарай бастайды.

Қырғыз Ұлттық ғылым академиясының Ш. Айтматов атындағы Тіл және әдебиет Институты ғалымдары қырғыз журналистері елу мың сөздік қоры бар қырғыз тілінің тек үш мыңнан аса сөзін ғана пайдаланатынын анықтаған. Ал бұл дегеніміз ұлттық тіліміздің мүмкіндігін елу пайызға ғана пайдалану деген сөз.

Он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» әзірге 150 мыңнан астам атау сөз бен сөз тіркесі ғана қамтылған. Ал кейбір ғалымдардың (Ә. Қайдар) есеп жобасына қарағанда, қазақ тілінің сөз байлығы мұнымен шектелмейді.

Рас, тіл білімінде терминдердің халықаралығы деген мәселе бар. Бірақ алдымен «терминнің халықаралығы оның сыртқы тұлғасында ма, жоқ, ішкі мазмұнында ма?» - [1, 25] - деген мәселенің басын ашып алғанымыз жөн.

Терминдердің халықаралығы (интернационалдығы) – олардың сыртқы тұлғаларында емес, ішкі мазмұндарында. Терминдер ішкі мазмұны, мағынасы, мәні жағынан халықаралық болады да, ал сыртқы тұлғасы жағынан олар ұлттық болады. Әр ұлттың сөздері өздерінің тұлғалары, құрылымы, грамматикалық құрылысы жағынан ерекшеленеді. Әсіресе ұлттық сөздердің ең басты белгісі – ондағы дыбыстардың тіркесімінен анық байқалады.

Қоғам өмірінде болған саяси-мәдени өзгерістер жаңа атаулардың, терминдердің пайда болуына, жасалып, қалыптасуына әсер ететіні белгілі. Термин қалыптастырудың алғашқы кезеңінде терминдерді аударудың алғашқы қадамы енді ғана жасала бастағаны, осы себепті де бұл кезеңде ұлт тілінде жасалған терминдердің басым көпшілігі сәтті жасалмай, қолданыстан шығып қалып отырғаны да ғалымдардың есінен шыққан жоқ.

Екінші кезеңде орыс тілі не орыс тілі арқылы енген шет тілі терминдерінің барлығы дерлік қазақ, қырғыз тіліне аударылып, ал аударылмағандары дыбыстық ерекшеліктерімізге сай икемделіп алынған.

Қазақ, қырғыз терминологиясының қалыптасу кезеңдері төрт кезеңге, яғни, бірінші, XIX ғ. екінші жартысынан 1910 жылға дейінгі кезең; екінші, 1910-1930 жылдар аралығын қамтитын кезең; үшінші, 1930 жылдан 1990 жылдарға дейінгі кезең және төртінші, 1990 жылдардан бергі кезең, бесіншісі Тәуелсіздік алған кезең деп бөлініп, олардың бір-бірінен өзіндік ерекшеліктері көрсетіліп жүргені мәлім [2, 36].

Расында да қоғамда орын алған ірі-ірі өзгерістер өз кезегінде тілімізге де әсер етпей қоймайтындығы, яғни жаңа сөздердің, жаңа терминдердің пайда болуына алып келетіндігі белгілі жайт.

Қазақ терминологиясының қазіргі даму деңгейін анықтап, оның қазіргі жайына баға беру оңай мәселе емес. Алайда, бұл саланың алдағы уақыттағы даму бағытын белгілеп, термин шығармашылығын реттеп отыру үшін ол өте қажет жұмыс болып табылады. Осыны дұрыс түсінген тілші-ғалымдар мен әртүрлі саланың мамандары дәл қазіргі кезеңде терминология мәселесіне айрықша назар аударып отыр. Олардың көпшілігі, термин жасауға, шет тілдерінен термин қабылдауға және халықаралық терминдерге байланысты өз ойларын ортаға салып та жүр. Шындығында да техникалық салаларда шет тілінде бар терминдерді аудару, оның нақты баламасын табу қиындық тудырады. Сондай жағдайда халықаралық терминдерге жүгінуге тура келеді.

Терминология мәселесі туралы академик Ә. Қайдаров былай дейді: «Қазақ тілі терминологиясы әртүрлі жағдайларға байланысты бүгінде дағдарысқа ұшырап отыр: оның ғылыми принциптері жаңа үрдіске бағыт-бағдар беріп, алда жүріп отырудың орнына артта қалып, термин практикасы аяқ асты болып бара жатыр. Осының нәтижесінде әркімнің өз білгенінше термин жасауы немесе оны ауыстыру, алмастыруы тәрізді бейберекет «бұқаралық» әрекетке (анархия) жол беріле бастады» [3, 4].

Тілші-ғалымдар терминологияның бес түрлі мағынасын көрсетіп жүр. Олардың ішінен терминологиялық мағыналары әбден орныққан негізгі үш мағынасын бөліп алуға болады. Біріншісі – белгілі бір ғылым саласындағы терминдердің жиынтығы; Екіншісі

– тілдегі бүкіл термин сөздердің жиынтығы; Үшіншісі – жалпы терминологиялық ілім.

Термин қысқа болсын дейтін талап әншейін айтыла салған сөз емес. Оның негізінде назар аудармауға болмайтын себеп бар. Әсіресе, ғылым мен техниканың ерекше қарқынды даму жолына түскен қазіргі кезде ақпарат жиілігі барған сайын үстемелене түсуде. Оның игерілуі едәуір қиындыққа айналып отырғандай жағдайда айтылатын ұғымның, мәліметке тірек болатын термин сөздердің барынша қысқа, тұжырымды келуінің практикалық мәні айрықша болып отыр. Ал автоматтандырылған ақпараттық-іздеу жүйесі қолданысқа ендірілген кезеңде осыған лайықталған мәтіндердің қысқалығы қажет-ақ. Мұның үстіне көңілге жатталып, есте сақталуы үшін де, сондай-ақ есептеу машинасына берілетін мәтінді бастыруға кететін уақытты үнемдеу үшін де оның маңызы зор [4, 54].

Термин жасаудың қазығын қадаған Ахмет Байтұрсынұлы, Қасым Тыныстановтің көзқарастары Тәуелсіздік жылдарында жаңаша сараланып, қазіргі терминологияға берер үлесі, қосар жаңалығы қайта жүйеленді. Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялыларының термин жасаудағы тілдік тұлғасы мен қызметі жан-жақты талдаудан өте бастады.

Жалпы қазақ-қырғыз терминологиясын қалыптастырудағы А. Байтұрсынұлының, еңбегі ұлан-ғайыр. Ол термин мәселесіне бірнеше қырынан келіп өз кезінде туындаған зәру мәселеге, яғни тіл, әдебиет терминдері сөзжасамның түрлі тәсілдерін пайдалану арқылы іске асырған. Ол ғылымның түрлі салаларына қатысты оқулықтар мен оқу құралдарын жаза отырып, осы тұрғыда бірнеше ғылым салаларының терминдерін жасап берді.

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым ретінде А. Байтұрсынұлы осы ғылым саласындағы негізгі ұғымдарды және олардың өзара байланысын анықтап, яғни қазақ тілінің табиғатын көрсететін «ұғымдар жүйесі» тұзумен қатар, сол ғылыми ұғымдардың атауларын да жасаған.

Ғылыми ұғымдарға ат қою оңай жұмыс емес. Ол үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығармашылық процесс. Онымен қоса, арнаулы ұғымдарға ат қою кезінде ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін міндетті түрде ескеру қажет. Атаудың ықшам болуы, бір мағыналылығы және ұғым мазмұнын қамтуы тағы бар. Осындай талаптарды мүлтіксіз орындаудың қиындығы – терминдерді ана тілінде жасаудан гөрі көп жағдайда оны ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып жасалған өзге тілдерден дайын қалпында ала салуға мәжбүр ететін себептердің бірі. Бұл тұрғыдан келгенде, ғалым қазақ тілін термин шығармашылығында пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткен. А. Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген

«Оку құралының» өзінен буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, әріп сияқты терминдерді ұшыратуға болады. Ал 1914-1915-жылдары және одан кейінгі жылдары 1928 жылға дейін бірнеше дүркін басылып тұрған «Тіл-құрал» оқулығында әбден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген және қолданыла беруге тиіс зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ сияқты жүздеген терминдердің кездеседі.

А. Байтұрсынұлының қазақ тілі білімінің ғана емес әдебиеттану ғылымының да негізін қалаушы екендігі мойындалған шындық. 1923 жылы өз мақаласында М. Әуезов «Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Аханды өзінің басшысы деп санайды», - деген болса, академик Р.Нұрғалиев оның «Әдебиет таңытқышы» еңбегі туралы: «Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған», - деп әділ көрсетеді.

А. Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі, әдебиеттану сияқты жеке ғылым салаларының ғылыми терминологиясының негізін қалаумен бірге, көптеген әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты терминдер жасаған ғалым. Ғалымның термин шығармашылығындағы қызметінің бір ғана ғылым саласымен шектелмейтіндігі оның жалпы қазақ терминологиясын қалыптастырудағы орнының айрықша екендігін көрсетеді.

А. Байтұрсынұлының қазақ терминологиясының қалыптасуына қосқан үлесі бұлармен ғана бітпейді. Оның Қазақстан ғылымын ұйымдастырушылардың бірі ғана емес, солардың ішіндегі ең ірісі, бірегейі екендігін дәлелдейтін деректер ғалым мұрасына тереңірек үңілген сайын табыла береді.

Ендігі бір айрықша атап айтуды қажет ететін мәселе – ғалымның термин жасаудың тәсілдері мен жолдарын анықтап бергендігі және оларды өз тәжірибесінде тұңғыш рет кеңінен пайдаланған ғалым.

Терминжасам тәсілдерінің аражігі ашылып, олардың термин шығармашылығында іске қосылуы – қазақ, қырғыз тілдерінің грамматикасының жазылуымен тікелей байланыста қарастыруды қажет етеді. Бүгінгі термин- жасам тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктері бар екендігіне қарамастан, ол негізінен қазақ, қырғыз тілінің сөзжасам тәсілдерінің құрамына енетінін ұмытпаған жөн.

А. Байтұрсынұлының қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтаумен қатар, ол тәсілдерді термин жасауда пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткендігін оның қаламынан туындаған жүздеген терминдері дәлелдейді.

Осы мәселерге көз жүгірте отырып осы мерзімге дейін түрліше аталып келген термин шығармашылығының термин жасау тәсілін терминдену деп атаған

жөн. Өйткені бұл термин қарастырылып отырған тәсілдің өзіне тән басты ерекшелігін көрсете алады. Осы тәсіл арқылы бұрын терминологиялық мағынада жұмсалмаған жалпы қолданыстағы сөз, диалекті сөз, көнерген сөз немесе кәсіби сөз белгілі бір терминологиялық жүйенің мүшесіне айналады. Яғни, термин емес сөз термин қатарына өтеді де егер ол бұған дейін бір саланың термині болса, онда ол өзге бір арнаулы саланың терминіне айналып тағы да терминологиялық мағынаны иеленеді.

Жалпы терминнің табиғатын тану үшін және терминдену процесінің жүзеге асу жолын айқындауда терминге лексикология тұрғысынан да, концептология тұрғысынан да қарай отырып, оның термин-ұғым, термин-сөз деп аталатын екі қырына бірдей мән берудің маңызы айрықша зор. Арнаулы салалардың бірінде пайда болған ұғымның ұғымдар жүйесіндегі орны белгіленіп, оның өзіне тән басты белгілері, өзге ұғымдардан ерекшелігі, көлемі айқындалады. Енді сол ұғым термин деңгейіне көтерілуі үшін тілде таңбалануы керек. Сол таңбаланушы ұғымды – терминологияда терминделуші ұғым деп, оның басты белгілері айқындалып барып тілден өзінің таңбалаушысын тауып, сөзбен белгілену процесін терминделу деп ата-сақ, терминдену процесінің ұғым тұрғысынан қарағандағы екінші жағы, ішкі қыры ашылады. Ал жалпы алғанда термин-ұғым мен термин-сөзді де, терминделу мен терминденуді де бір бүтіннің екі қыры ретінде, бірлікте, тұтастықта қарау қажет.

Тіліміздегі әртүрлі сөз таптарына қатысты болатын сөздердің терминге айналу қабілеті бірдей емес. Негізінен терминдер зат есім, сын есім, етістік, есімдік, үстеу сияқты сөз таптарынан жасалады. Бұлардың ішінде жетекші орынды зат есім иеленеді. Терминдер алуан түрлі арнаулы салалардағы деректі немесе дерексіз ұғымдардың атаулары ретінде заттық формада көрінеді. Терминнің осы қасиетіне сәйкес, мейлі ол қай сөз табынан жасалса да, субстантивтенеді. Сондықтан сөз таптарының терминденуі олардың зат есім қатарына өтуімен тікелей байланыста жүзеге асырылады.

Соңғы жылдары қазақ тіл білімінде де терминжасамдағы шарттылыққа мән беріле бастады. Терминделуші ұғымды таңбалау кезінде жасандылықтың, шарттылықтың болатындығы сөзсіз. Бірақ, одан жаңа ұғымды кез келген сөзбен белгілей беруге болады деген түсінік тұмауға тиіс. Термин жасау барысында қаншалықты шарттылық болғанмен де тілде бұрыннан бар сөздердің мағынасына сүйенуге, белгілі ұғымдар мен жаңа ұғымды салыстырып қандай да бір ұқсастықтар табуға тура келеді. Сөздің лексикалық мағынасы да, терминнің терминологиялық мағынасы да ұғымның мазмұны арқылы анықталады. Яғни, ұғымның мазмұнын құрайтын белгілерге сәйкес сөз бен терминнің мағыналары семаларға (семантикалық

белгілерге) жіктеледі. Біз терминді талдауда ұғымның жетекшілік рөліне айрықша мән беріп, оны басты назарда ұстаймыз. Ұғым белгілерін салыстыру арқылы термин мен оның жасалуына негіз болған сөздің мағыналарын құрайтын ортақ семаларды анықтауға болады деп білеміз. Ал семалар ортақтығы – термин мен оның жасалуына негіз болған сөздің мағыналық байланысын көрсетсе, керісінше, семалардың сәйкес келмеуі – термин мен термин емес сөздің мағыналарының айырмашылықтарын анықтауға негіз болады.

Терминжасамның өзіне ғана тән ерекшеліктері болатындығына қарамастан, ол негізінен тілдің сөзжасам тәсілдерінің аясында қарастырылады. Терминологияда да жекелеген сөздердің лексикалық мағынасы жаңа термин жасау кезінде негізгі рөл атқарады. Синтаксистік тәсілмен жасалған терминдердің құрамында да терминденген сөздердің болуы соны көрсетеді. Сондай-ақ бұл бір ғана терминнің жасалуына терминжасамның екі тәсілінің қатысатындығының да дәлелі бола алады.

Терминологиялық өріс – терминнің өзіне тән барлық қасиеттерін сақтай алатын оның өмір сүру аймағы болып табылады. Терминнің белгілі бір терминологиялық өріске қатысты болуы, оның қандай да бір терминологиялық жүйенің мүшесі болатындығы, оны термин ретінде танудың және өзге салалардың терминдерінен ажыратудың басты белгілерінің бірі. Сондықтан терминнің табиғатын тануда оны өзі қатысты болатын терминологиялық өріспен байланыста қараудың маңызы зор. Сонымен қатар терминдену бұл – жалпыхалықтық тіл мен терминология арасында, жалпы лексикалық өріс пен терминологиялық өріс немесе терминологиялық өрістердің өздері арасында болып жататын процесс. Сол себепті терминдену процесінің өзіндік ерекшелігін көрсету үшін де өріс мәселесіне соқпауға болмайды.

Жалпыхалықтық тілдегі сөздердің негізінде ғылым мен техниканың, өнердің әртүрлі салаларындағы мыңдаған терминдердің жасалатындығы сияқты терминдердің есебінен де жалпы лексика байып отырады. Тілдің жалпы лексикалық жүйесі мен терминологиялық жүйесінің арасындағы байланыс олардың бірін-бірі қажетсінуіне тікелей қатысты. Арнаулы лексика жалпыхалықтық тіл негізінде қалыптасса, кірме терминдер дыбысталуы жағынан тілдің фонетикалық заңдылықтарына бағынса, онда терминология тілді

ұлттық негізде байытудың ең құнарлы қоры болады. Сондықтан терминдену және бейтерминдену процесстері белгілі дәрежеде бір-біріне тәуелді.

Бүгінге дейін еленбей, ескерілмей келе жатқан туыс тілдер үшін аса қажет принциптердің бірі бір-бірінен терминжасам принциптерін қабылдау болып табылады. Өзара туыс отыз шақты түркі тілі, егер бір-бірімен қатынасын үзбей, бірінің сөздік қорына екіншісі үніліп отырған болса, әсіресе терминологиялық жүйені түзер тұста, өзінде жоқтың көбін өзді-өзінен тапқан болар еді. Біздің білетініміз, осылайша жақындаса түсудің орнына, алшақтай берген, аластай берген. Бұл ненің салдары екені зиялы қауымға аян. Түркі тілдері үшін мұндай жатбауырлық тарихи қасіретке айналып кете жаздағаны мәлім. Бірінде жоқты бірінен алып өзара байи, сөйтіп біртіндеп жақындаса, жанаса түсудің орнына туыстығы әлдеқайда алшақ тілдерден интернационалдық терминдерді еншілеумен өзінің табиғи болмысынан айырылып қала жаздады. Егер, әу бастан-ақ терминологиялық жүйе осы ыңғайда қалыптасқанда, туыс тілдер үшін ортақ принциптерді айқындауға болатын еді. Солай бола тұрса да түркі тектес халықтардың терминологиясында ортақтық сипат бар. Бірақ бұл ортақтықтың бұл тілдердің ішкі табиғатынан емес, сырттан келтірілген ортақтық. Яғни терминологиялық принциптер тек орыс және интернационалдық терминдерден байқалады. Сөйтіп орыс тілі арқылы таралған термин сөздерді әр тіл өзінше алып жатты. Ал ұлттық, туыстық негіздегі ортақ принцип жөнінде ешкімнің жұмысы болған жоқ. Әйтсе де ғылым тілін қалыптастыру мәселесінде туыс тілдер ғалымдарының бүгінгі жиын секілді арақидік бас қосып, ой-пікірін ортаға салып отыруы өте керек нәрсе. Құдайға шүкір, енді бұрынғымыздың бәрін дерлік әділеттің көзімен биік саналылық, біліктілік тұрғысынан қарастырар, қайта қарар күн туды. Өзара тәжірибе алмасу, тіл байлығымызға үңілудің пайдадан басқа зияны жоқ. Әсіресе терминология саласында ортақтасар ойлар жеткілікті.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992 -350 бет.
2. Кеңесбаев І., Жанұзақов Т. Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1966. 452 бет.
3. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993. – 324 бет.
4. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. – Астана: Елорда, 2002. – 398 бет.